


× × × ×



Байымбетова Ж.А.



**ТІЛ БІЛІМІНІҢ  
ТЕОРИЯЛЫҚ ЖӘНЕ  
ПРАКТИКАЛЫҚ КУРСЫ**

Оқу құралы



Байымбетова Ж.А.

**ТҮЛ БІЛІМІНІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ  
ЖӘНЕ ПРАКТИКАЛЫҚ  
КУРСЫ**

*Оқу құралы*

**ДЕНА**  
Алматы, 2022

ӘОЖ 80/81 (075.8)  
КБЖ 81.2 я 73  
Б 20

Пікір жазғандар:

Р. Досжан – филология ғылымдарының докторы;

Б. Ысқақ – педагогика ғылымдарының кандидаты.

Б 20 Байымбетова Ж.А.

Тіл білімінің теориялық және практикалық курсы: оқу құралы /  
Ж.А. Байымбетова. – Алматы: ЭСПИ, 2022. – 132 б.

ISBN 978-601-352-903-5

Оқу құралында тіл білімінің негізгі ұғымдары мен басты-басты теориялық, практикалық мәселелер қамтылған. Еңбекте «Тіл біліміне кіріспе» пәнінің оқу бағдарламасына сәйкес теориялық, практикалық тапсырмалар, әр практикалық сабақта талқыланатын мәселелер, бақылау сұрақтары, студенттердің теориялық сабақтан алған білімдерін іс жүзінде меңгерту мақсатына арналған жаттығу жұмыстары, тест тапсырмалар берілген.

Еңбек тіл білімі пәнінің оқытушыларына, жоғары оқу орындарының күндізгі, сыртқы бөлімінің студенттеріне, магистранттар мен докторанттарға, сондай-ақ ғылыми қауымға арналған.

ӘОЖ 80/81 (075.8)  
КБЖ 81.2 я 73

ISBN 978-601-352-903-5

© Байымбетова Ж.А., 2022.  
© ЭСПИ, 2022.

## АЛҒЫ СӨЗ

Бұл оқу құралы тіл білімі пәнінің оқытушыларына, жоғары оқу орнының студенттеріне, ізденушілерге. Оқу құралы «Тіл біліміне кіріспе» курсы бойынша жасалған тилтік бағдарламаға сәйкес жазылған.

«Тіл біліміне кіріспе»- университеттер мен педагогикалық институттардың филология факультеттерінде өтілетін теориялық пән. Пәннің мақсаты мен міндетіне сәйкес оқу құралында тіл білімінің негізгі ұғымдары мен терминдері қарастырылып, оның басты-басты теориялық, практикалық мәселелері мен жаттығу жұмыстары, бақылау-пысықтау тапсырмалары берілген. Пәннің басты мақсаты- тіл білімінің негізгі ұғымдар жүйесімен және тілдік терминдермен таныстыру, тілдің құрылымдық, жүйелік, танымдық болмысы мен мәні жайлы түсінікті қалыптастыру, студенттерді тілдік талдау дағдысымен қаруландыру.

Еңбекте курс теориялық және практикалық бағытта жүргізіледі. Курстың теориялық бөлімінде тіл білімінің ғылым ретінде танылуы, тіл білімінің ғылымдар ішінде алатын орны, басқа ғылымдармен байланысы, тіл білімінің зерттеу әдістері жайлы мәлімет беріледі, тілдің мәні, қызметі, тілдің шығуы, дамуы, тілдің лексика, грамматика, фонетика салалары жөнінде түсінік беріледі.

Практикалық курста теориялық материалдарды меңгерту камтамасыз етілген. Оқу құралында студенттердің тілдің әртүрлі субстантивтік, реляциялық мағына элементтерін ажырата білуі және топтастыра білуі мен оның дағдысын меңгерту мақсат етілді.

«Тіл біліміне кіріспе» – курсы қазақ филологиясының студенттері мен ізденушілерге үшін қазақ тілінің құрылымын ғылыми терең түсінуге, ана тілінің туыстас тілдермен генетикалық жақындығын білуге, туыс емес тілдермен типологиялық ұқастығын салыстыруға мүмкіндік береді.

Оқу құралының теориялық бөлімі студенттерге тіл білімінің негізгі ұғымдары жөнінде мәлімет беруге бағытталса, жаттығу жұмыстары, т.б. тапсырмалар сол теориялық мәліметтерді практикада қолдана білуге бағытталған. Ал алған білімдерін пысықтай отырып, меңгерту мақсатында тест тапсырмалар, бақылау тапсырмалары берілген.

Еңбек студенттер мен ізденушілердің тіл білімінен алған теориялық білімдерін практика жүзінде пайдалана отырып, тіл білімінің негізгі ұғымдарын, оқу материалдарын меңгертуге арналған.

Тіл – әрбір адамның өмір бойы қолданатын ең маңызды құралы. Оқу құралында болашақ мамандарға сол тілдің, маңызды құралдың яғни тіл туралы ғылымның әрі тартымды, әрі маңызды екендігін ұғындыра отырып, оның негізгі ұғымдарын меңгерту мақсат етілді.

## I ТАРАУ. ТІЛ БІЛІМІ ЖӘНЕ ОНЫҢ БАСҚА ҒЫЛЫМДАРМЕН БАЙЛАНЫСЫ

### 1.1 Тіл білімінің зерттеу нысаны, мақсаты мен міндеті. Тіл құрылымының басқа құрылымдармен байланысы.

«Тіл біліміне кіріспе» - жоғары оқу орындарының филология факультеттерінде өтілетін теориялық пән. Пәннің мақсаты мен міндеті - студенттерді тіл білімінің негізгі ұғымдарымен, терминдерімен таныстыру, оның басты теориялық қағидаларын баяндап беру.

Тіл білімі (лингвистика) - тіл және оның даму заңдары туралы ғылым. Тіл - қоғамдағы адамдардың өзара пікір алысу, бір-бірімен қарым-қатынас жасау-сөйлесу құралы. Әрбір тілдің дыбыс жүйесі, сөздік құрамы және грамматикалық құрылысы болады. Тілдің осы аталған әртүрлі жақтары тіл білімінің тиісті салаларында қарастырылады. Тіл білімінің салаларының әрқайсысы өз ішінде тағы да бірнеше тармақтарға бөлінеді. Мысалы, фонетика саласы 1)сипаттама фонетика, 2)салыстырмалы-тарихи фонетика, 3)Эксперименттік фонетика және тағы басқа болып бөлінеді. Тіл және оның әртүрлі салалары ылғи дамуда болады. Ол даму қалай болса солай емес, тілдің ішкі даму заңдары бойынша дамиды. Тілдің әртүрлі жақтары дыбыс жүйесі (фонетика), сөздік құрамы (лексикология), грамматикалық құрылысы (грамматика) бір-бірімен тығыз бірікте сөз етіледі. Өйткені тіл білімі тілдің әр түрлі салалары мен тармақтарын, олардың дамуын, өзара байланысын, тіл дамуының ішкі заңдылықтарын зерттейді. Тілдің белгілі бір дәуірде өмір сүріп тұрған қалпын зерттейтін тіл білімі бар және оның шығуы мен тарихын, дамуын зерттейтін тіл білімі бар. Алдыңғысы - сипаттама тіл білімі (немесе синхрондық лингвистика), соңғысы - тарихи тіл білімі (немесе диахрондық лингвистика) деп аталады. Белгілі бір тілді оның жүйесі мен құрылымын ғылыми тұрғыдан талдап түсіндіру үшін және оның даму заңдарын айқындау үшін ол тілді және ондағы фонетикалық, лексикалық, грамматикалық құбылыстарды туыстас тілдердегі бір тектес құбылыстармен салыстыру тұрғысынан зерттеу қажет. Белгілі бір

## МАЗМУНЫ

АЛҒЫ СӨЗ.....	3
<b>I ТАРАУ. ТІЛ БІЛІМІ ЖӘНЕ ОНЫҢ БАСҚА ҒЫЛЫМДАРМЕН БАЙЛАНЫСЫ.....</b>	<b>5</b>
1.1. Тіл білімінің зерттеу нысаны, мақсаты мен міндеті.....	5
<b>II ТАРАУ. ТІЛДІҢ ҚОҒАМДЫҚ МӘНІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЖҮЙЕСІ МЕН ҚҰРЫЛЫМЫ.....</b>	<b>12</b>
2.1. Тіл және ойлау, тілдің таңбалық сипаты. Тілдің қоғамдық мәні.....	12
2.2. Тілдің қоғамдық қызметі.....	13
2.3. Тіл және ойлау.....	14
2.4. Тілдің таңбалық сипаты.....	16
2.5. Тілдің құрылымдық және жүйелік сипаты.....	18
<b>III ТАРАУ. ТІЛДЕРДІҢ ӨЗАРА ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫ. ТІЛДІҢ ШЫҒУЫ. ТІЛДІҢ ДАМУ КЕЗЕҢДЕРІ. ЖАЗБА ТІЛДЕР.....</b>	<b>25</b>
3.1. Тілдің шығуы.....	25
3.2. Тілдің дамуы.....	27
<b>IV ТАРАУ. ТІЛДІҢ ДАМУЫ.....</b>	<b>35</b>
4.1. Субстрат, суперстрат, интерстрат, адстрат, құбылыстары.....	35
4.2. Тілдердің қатар өмір сүруі.....	36
4.3. Тілдердің араласуы.....	37
4.4. Тілдердің тоғысуы.....	37
<b>V ТАРАУ. ФОНЕТИКА.....</b>	<b>43</b>
5.1. Фонетика және оның салалары.....	43
<b>VI ТАРАУ. ЖАЗУ. ЖАЗУДЫҢ ДАМУ КЕЗЕҢДЕРІ. АЛФАВИТ, ГРАФИКА. ТРАНСКРИПЦИЯ ЖӘНЕ ТРАНСЛИТЕРАЦИЯ.....</b>	<b>51</b>
6.1. Пиктографиялық (суретгі) жазу.....	51
6.2. Идеографиялық немесе логографиялық жазу.....	52
6.3. Буын жазуы.....	54
6.4. Әріп жазуы.....	55

<b>VII ТАРАУ. ЛЕКСИКОЛОГИЯ, ОНЫҢ ТҮРЛЕРІ МЕН САЛАЛАРЫ. СӨЗ МАҒЫНАСЫНЫҢ ӨЗГЕРУ СЕБЕПТЕРІ МЕН АУЫСПАЛЫ МАҒЫНАДА ҚОЛДАНЫЛУ ТӘСІЛДЕРІ. ОМОНИМ, АНТОНИМ, СИНОНИМ.....</b>	<b>61</b>
7.1. Лексикология және оның түрлері.....	61
7.2. Лексикологияның салалары.....	63
7.3. Лексикология және оның грамматикамен байланысы.....	67
7.4. Антонимдер.....	70
7.5. Омонимдер.....	71
7.6. Синонимдер.....	72
<b>VIII ТАРАУ. ГРАММАТИКА ЖӘНЕ ОНЫҢ САЛАЛАРЫ.....</b>	<b>76</b>
8.1. Тілдің лексикасы мен грамматикалық құрылысының өз ара қатынасы.....	76
8.2. Грамматикалық ұғымдар.....	78
8.3. Грамматикалық мағынаның түрлері.....	80
8.4. Грамматикалық категорияның өзіндік сыр-сипаты.....	86
8.5. Грамматиканың зерттеу нысаны.....	90
8.6. Грамматиканың салалары.....	91
8.7. Грамматиканың түрлері.....	92
8.8. Сөз таптары туралы түсінік.....	96
8.9. Сөз таптарының шығуы мен дамуы.....	97
8.10. Сөз таптарының топтастырылуы.....	98
<b>IX ТАРАУ. ТІЛДЕРДІҢ КЛАССИФИКАЦИЯСЫ. ДҮНИЕЖҮЗІ ТІЛДЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРҒА КЛАССИФИКАЦИЯ ЖАСАУ.....</b>	<b>104</b>
9.1. Түбір тілдер.....	109
9.2. Агглютинативті тілдер.....	112
9.3. Флективті тілдер.....	113
9.4. Тілдердің генеологиялық классификациясы.....	113
9.5. Түркі тілдері.....	114
<b>ПРАКТИКАЛЫҚ САБАҚТАР.....</b>	<b>119</b>
<b>ӘДЕБИЕТТЕР.....</b>	<b>127</b>